

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Дәмді және пайдалы

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.05.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/73845/>

Пәні: Дүниетану Күні: 12.04.18 ж Сынып: 1 «В»	Уақыты: 08:45 Сабақ: 2-ші	МҒМЗ Кабинет: 39 Мұғалім: Ж.К.Кулажанова	Қатысты: 22 Қатысқан жоқ:
Сабақ тақырыбы:	Дәмді және пайдалы		
Оқу мақсаты:	<p>-Барлық оқушылар: дұрыс тамақтану қажеттілігін туралы біледі;</p> <p>-Оқушылардың басым бөлігі: Дәмді әрі пайдалы тағамдарды зиянды тағамдардан ажыратады, дұрыс тамақтану ережелерін құрастыруды үйренеді;</p> <p>-Кейбір оқушылар: тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін, Қазақстандағы әртүрлі ұлт өкілдерін біріктіретін қонақжайлылық ұғымының мәнін түсінеді.</p>		
Тірек сөздер:	<p>жаңғақ - орех - nut;</p> <p>ұлттық тағам - национальные блюда - national dish;</p> <p>дұрыс тамақтану - правильное питание - healthy diet.</p>		
Ресурстар:	«Қонақжайлылық» тапсырмасына арналған бейдждер, суретті үлестірме парақшалар, «Тамақтану ережесін» тапсырмасына арналған А3 көлеміндегі қағаз, нөлшерлі стакандар, тағам өнімдері бейнеленген суреттер, доп.		
Сабақтың мақсаты:	1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру		
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу және түсіну, қолдану		
Бағалау критерийлері:	Пайдалы және зиянды тағамдарды анықтайды, тамақтану ережесін құрайды, тамақтану режимін сақтау туралы әңгімелейді		
Тілдіру мақсаттары:			
Құндылықты дарыту:	Дәмді, пайдалы, зиянды, тағамдар, тағам түрлері, ас мәзірі		
Панаралық байланыс:	Еңбек және шығармашылық арқылы, астың маңыздылығын түсінеді.		
АКТ қолдану дағдылары:	Қазақ тілі, көркем еңбек		
Сабақтың жоспарланған кезектері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар

<p>Сабақтың қорытындысы</p>	<p>Тілдік құзыреттілікті қалыптастыру</p>	
<p>Математика. Дәптердегі бірінші тапсырма дұрыс орындалса, бірінші бағанда жұл, екінші бағанда тақ сандар шығады. Орындалған тапсырмаларды тексеру барысында оқушыларға бірінші және екінші бағандардағы сандарды салыстыруды ұсыныңыз. АКТ. Оқушыларға дәптердегі бірінші тапсырманы Астынсырғе бағдарламасын пайдаланып, интерактивті тақтаға орындатуға болады. Жаратылыстану. «Тамақтану ережесі» тапсырмасын орындаған кезде әр топ өз жұмысын әсемдеп бейндейді.</p>	<p>Сабақта оқушылар сөйлеу мәдениетін аңғимелесу, талқылау арқылы дамытады. Жаңа сөздермен күнделікті өмірде таныс болуы мүмкін. Оны «Қағып ал» ойыны арқылы меңгертуіңізге болады. Допты бір оқушыға үйренген сөздердің бірін айтып лақтырасыз. Қағып алған оқушы сөзді басқа орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармасын айтып, келесі оқушыға лақтырады. Осылайша ойын жалғаса береді. Трек сөздерді оқушылар жұмыс барысында қолдануын қадағалаңыз.</p>	
<p>Панаралық байланыс</p>	<p>Қосымша тапсырмалар</p>	
	<p>Оқушыларға дұрыс тамақтану туралы мультфильм көрсетіңіз. Олардан қандай мультфильм көшіліктерін билетіні сұраңыз. Оқушылардың жауаптарын тыңдаңыз.</p> <p>Қосымша тапсырма ретінде мнемоникалық ойын ойнатуға болады. Мнемоника – бір нәрсені ұмытып қалмай, жадында сақтау үшін қолданылатын әдістердің жиынтығы. Ол «Азық-түлік дүкенінде» деп аталады. Оқушылар шеңбер жасап отырады. Ойынды мұғалім дүкенге барып, бір тағам түрін сатып алғанын айтудан бастайды. Келесі оқушы мұғалімнің және өзінің не сатып алғанын айтады. Оны келесі оқушы жалғастырады. Осылайша шеңбер бойындағы оқушылар алдыңғы оқушылардың және өзінің сатып алған тағам түрін айта бастайды. Бұл тапсырма есте сақтау қабілеттерін жақсартуға көмектеседі.</p>	
<p>Бағалау</p>	<p>Оқушылар: -- «дұрыс тамақтану» ұғымымен танысты. Оқушылар: -- пайдалы және зиянды тағам түрлерін ажыратуға; -- дұрыс тамақтану ережелерін құрастыруға үйренді; -- Қазақстандағы ұлт өкілдерінің басын біріктіретін қонақжайлылық ұғымын түсінді.</p> <p>Бұл сабақта оқушыны бағалау түрі ретінде оқушыларға бір-біріне дұрыс тамақтану туралы үш сұрақтан қойын ұсыныңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қандай тағамдарда дәрумендер көп? • Чипсы - пайдалы тағам ба? • Қандай тағам мидың жұмысын жақсартады? 	
<p>Қорытынды бағамдау</p>	<p>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: Оқушыларды сабақтың әр кезеңінде бағалау. 2: Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың ерекшелігіне көңіл бөлу. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартуға алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: Сабақтың нәтижесіне көңіл бөлу. 2: Рефлексия. Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім ?</p>	

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.